

«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мухаметжанова Жадыра Сайлаубековнаның «Кәсіпорынның инновациялық дамуының басым бағыттары (Алматы облысының тамақ өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

### СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе <u>орындалған</u> (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға, 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының бағытына, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бағытына сәйкес келеді. Еліміздегі нан өнімдерін өндіруші кәсіпорындарының инновациялық дамуының басым бағыттарын дамыту мәселелері зерттеуді қамтиды. Диссертация нысаналы бағдарламаның аясында орындалған: 1. Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; 2. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы: 4 пункт. «Бағдарламаны іске асыру мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелердің көрсеткіштері». 3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 3.1. Азық-түлік қауіпсіздігі.
2.	Ғылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған. Жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде «Инновациялық менеджмент», «Экономикалық үрдістерді талдау және болжау» пәндерінде пайдалануға болады
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Докторанттың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, өздігінен орындалған жұмыс. Себебі, зерттеу тақырыбы бойынша



	<p>2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу мақсатында ізденуші зерттеу объектісіне сәйкес материалдарды, статистикалық деректерді жинақтау және өңдеу негізінде экономикалық-математикалық модельдер құрды. Сауалнама, SWOT талдау жүргізу арқылы нан өнімдерін өндіруші кәсіпорындарының инновациялық дамуының басым бағыттарын жетілдіруде ұсыныстар берді</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Тіімді инновациялық даму экономиканың басым бағыты және еліміздің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Елімізде инновациялық үрдіске негізделген кәсіпорындарды ұтымды ұйымдастыру, мемлекет деңгейінде инновациялық саясатты қалыптастыру мен жетілдіруді талап етеді.</p> <p>Инновацияны енгізу, өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, инновациялық даму мен табыстылық деңгейінің жоғары қарқынына жетудің бір ғана тәсілі ретінде қарастырылады. Осы мәселелерді шешу мақсатында 2015-2019, 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамылудың мемлекеттік бағдарламалары бекітілді. Оның мақсаты еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыру болып табылады.</p> <p>Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу тақырыбы жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген міндеттерді негізге ала отырып таңдалып алынғаны және диссертацияның өзектілігін негіздейді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толығымен ашады. Диссертацияның құрылымы қысқартылған сөздер мен нормативтік сілтемелерден, кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстандағы нан өнімдерін өндіруші кәсіпорындарының инновациялық дамуының басым бағыттары бойынша кешенді талдау нәтижесінде ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	



	<p>болып табылады. Осы мақсатқа жету барысында келесі міндеттерді шешу көзделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– «инновациялық қызмет» және «инновациялық даму» түсініктерінің теориялық негіздерін зерделеу;</li> <li>– зерттеу гипотезасы негізінде кәсіпорынның еңбек өнімділігіне инновация есерінің эконометрикалық моделін әзірлеу;</li> <li>– корреляциялық-регрессиялық талдау негізінде кәсіпорындардың инновациялық қызметіне есер ететін факторлардың көп факторлы регрессия моделін құрастыру;</li> <li>– ҚР тамақ өнеркәсібінің Алматы облысының нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындарының қазіргі экономикалық жай-күйіне баға беру;</li> <li>– нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық дамуының теориялық-әдістемелік аспектілерін анықтау;</li> <li>– инновация негізінде нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың өндірісінің табыс көлеміне болжам жасау;</li> <li>– Қазақстандағы нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамытудың басым бағыттарын ұсыну.</li> </ul>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан. Автордың диссертациялық жұмысының тақырыбы, мақсаты, міндеттері, зерттеу объектісі таңдалған тақырыптан ауытқымай қорытындысымен бірегейлігі сақталған.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер, ұсынылған модельдердің барлығы қисындылық тұрғыдан жүргізілген теориялық талдаумен негізделген, эмпирикалық тұрғыдан математикалық модельдеу үдерісінде дәлелденген. Қорғауға шығарылған тұжырымдар сыни тұрғыдан талданған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа және жартылай жаңа деп бағалауға болады. Атап айтқанда, «инновациялық қызмет» және «инновациялық даму» түсініктеріне отандық және шетелдік</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	



	<p>табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғалымдардың тұжырымдарына әдебиеттік шолу негізінде «инновациялық өнім» түсінігіне автордың берген көзқарасы жартылай жаңа болып саналады. Себебі, «инновациялық қызмет» және «инновациялық даму» түсініктерінің тұжырымдары көптеген зерттеушілердің жұмыстарында қарастырылған. Инновацияның шағын және орта кәсіпорындардың еңбек өнімділігінің артуына оң әсерінің эконометриялық моделі ғылыми тұрғыда алғаш бағаланған толығымен жаңа болып табылады. Сондай-ақ, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық қызметіне әсер етуші факторлардың көп факторлы регрессия моделінің құрылуы және инновацияны (процесстік, өнімдік) енгізу негізінде нан және нан-тоқаш өндірісінің табысын болжаудың үлгісінің әзірленуі, нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамытудың басым бағыттары бойынша берілген ұсыныстар толық жаңа жұмыстар боып есептеледі. Бұл ғылыми нәтижелердің толығымен жаңа екендігін айғақтайды.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ғылыми негізге сүйенген қорытындылары мен тұжырымдары ресми құжаттарға негізделген, отандық ғалымдар тарапынан арнайы жеке зерттелмеген жаңа жұмыс болып есептеледі.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста көрсетілген ғылыми тұжырымдар, қорытындылар мен ұсыныстардың экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген.</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Ізденушінің барлық қорытындылары ғылыми тұрғыда ауқымды дәлелдемелерде, нақты статистикалық мәліметтер, зерттеу объектілерінің жылдық есептік деректері, сонымен қатар сауалнама жүргізу арқылы алынған мәліметтерді талдай отырып негізделген.</p>



	гуманитарлық бағыттары бойынша)		
7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Өр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>1 қағидат. «Инновациялық қызмет» және «инновациялық даму» түсініктерін зерделей келе «жаңа инновациялық өнім немесе жетілдірілген өнім» тұжырымына автордың өз көзқарасының берілуі. Бұл жартылай жаңа жаңалық бола алады.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p>2 қағидат. Зерттеу гипотезасы негізінде инновация шағын және орта кәсіпорындардың еңбек өнімділігінің артуына оң әсерін тигізетіні Greif бағдарламасында эконометрикалық модель арқылы бағалануы алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр, сондықтан жұмыстың толығымен жаңа ғылыми жаңалығы болып саналады.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p>3 қағидат. Тамақ өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың инновациялық қызметіне әсер етуші факторлардың көп факторлы регрессия моделі құрылды. Бұл толық ғылыми жаңалық болып есептеледі.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p>4 қағидат. Инновацияны енгізу мен факторлық талдау негізінде өндірістің табыс көлемінің артуын болжау үлгісінің әзірленуі</p>	



			<p>толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p>5 қағидаг. Нан және нан-тоқаш өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамытудың басым бағыттарын жетілдіру бойынша автордың ұсыныстары алғаш рет жасалынған, бұл да жұмыстың толық жаңа ғылыми жаңалығы болып табылады.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p>Диссертацияның зерттеу нәтижелері бойынша 10 ғылыми мақала басылымдарда жарияланды. Халықаралық конференция жинақтарында 5 мақала, оның ішінде біреуі WoS-та индекстелген конференция жинағында, 4-еуі ҚР БҒМ БҒСҚК бекіткен журналдарда және 1-еуі Scopus ақпараттар базасына кіретін ғылыми журналда жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Өдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде шетелдік және отандық экономист ғалымдардың еңбектері, зерттеу мәселесі бойынша ізденушінің жеке зерттеулері, мамандар мен эксперттердің жеке шолулары алынған. Зерттеулер жүйелік тәсілдер негізінде жүргізілген, сауалнама жүргізу, кешенді экономикалық талдау әдістерін қолданды. Қазақстандық экономикалық болмыстың әдістемелік ерекшеліктері мен қолданбалы негіздер дамуының әлемдік беталысы бірге қарастырылды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынды. Экономикалық-математикалық,



	<p>және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін негізделер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған негізделерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</u></p>	<p>статистикалық, сандық және факторлық талдау әдістерін, салыстыру және болжау әдістерін қолданды. Модельдеу Gretl, Excel бағдарламасы, статистикалық талдау SPSS пакеті арқылы орындалды, сауалнама Google Form арқылы жүргізілген</p> <p>Теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, сарапшылардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған. Құрылған эконометриялық, экономикалық-математикалық модельдер эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Диссертацияның маңызды мәселелері мен тұжырымдары қазақ және орыс, ағылшын тілдерінде жарияланған сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 100-ден астам дереккөзді құрайды, бұл зерттеу мәселесін зерделеуге, оны шешу жолдарын нақты талдауға жеткілікті</p> <p>Диссертацияның теориялық маңызы зор. Зерттеу жұмысының барысында пайдаланылған теориялық-әдіснамалық ұстанымдар мен принциптерді болашақта басқа да ғылыми жұмыстарға қолдануға болады</p> <p>Жұмыста ұсынылған инновацияның шағын және орта кәсіпорындардың еңбек өнімділігінің артуына оң әсерінің эконометрикалық моделі ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында қолдануға болады</p> <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып есептеледі. Себебі, нақты деректер мен эксперименттік зерттеулермен негізделген практикалық ұсыныстар осыған дейін жасалмаған.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принцип</p>	



	табылады); 3) жаңа емес (2,5% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты академиялық жазу және ресімдеу сапасы жоғары. Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келеді

Диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және берілген тәжірибелік тұжырымдар қолданбалы сипатта, оларды нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындарды инновациялық дамытуда пайдалануға болады. Елімізде әлеуметтік маңызы бар тамақ өнімдерінің бағаларын мемлекеттік реттеу шараларының тиімділігі қарастырылғанда жұмыстың сапасы арта түсер еді.

Мухаметжанова Жадыра Сайлаубековнаның «6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Кәсіпорынның инновациялық дамуының басым бағыттары» (Алматы облысының тамақ өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар мысалында) тақырыбындағы жұмысы диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарына толық сәйкес, ал оның авторы «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге лайықты.

Ресми рецензент:

Қайнар Академиясы

ғылыми жұмыстары жөніндегі проректоры,  
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,  
ҚР ҰҒА құрметті академигі, экономика  
ғылымдарының докторы, профессор

Ә.Ж. Сапарбаев

